




Күләш Байсейітова атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


Бакалавриатқа
қабылдау туралы
ЕРЕЖЕ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	1 бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Білім алушыларды қабылдау тәртібі	3
3	Қабылдау комиссиясының жұмысы	7
4	Құжаттарды қабылдау мерзімі мен шарттары	9
5	Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі	12
6	Конкурс өткізу және білім алушыларды қабылдау	14
7	Қысқартылған бағдарлама бойынша оқуға қабылдау және оқуға қабылдау шарттары	17
8	Қорытынды ережелер	18




 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Бакалавриатқа қабылдау туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» Республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) шығармашылық бағыттағы жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриатта оқытуға талапкерлерді қабылдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 бұйрығымен бекітілген «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 7 шілдедегі № 286 бұйрығымен бекітілген «Білім беруге гранттарды тағайындау, сондай-ақ, жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» көрсетілетін мемлекеттік қызмет қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру туралы сертификат беру» ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 357 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшері;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 бұйрығымен бекітілген маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын өтеу жөніндегі міндеттен босату қағидаларына.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3 бет

1.3 Университеттің лицензиялары бар және келесі дайындық бағыттары бойынша бакалавриатқа қабылдауды жүзеге асырады:

6B014 - Жалпы дамудың пәндік мамандығы бар мұғалімдерді даярлау;
 6B021 - Өнер.

1.4 Құжаттарды тапсыру кезінде үміткер бір жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын (ЖЖОББҰ) – Университетті және бір білім беру бағдарламасын (ББ) көрсетеді.

1.5 Университеттің білім беру бағдарламалары Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің жоғары білім берудің бірыңғай платформасында ұсынылған.

2 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

2.1 Университет бакалавриатында оқытуға құжаттарды қабылдау және оқуға тіркеу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сай іске асырылады.

2.2 Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін Университетке таңдалған білім беру бағдарламасына бекітілген талаптарға сәйкес жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

2.3 Университетке түсетін тұлғаларды қабылдау мемлекеттік білім беру грантын үлестіру, сондай-ақ, оқу ақысына білім алушылардың меншікті қаражаты және басқа көздер есебінен төлем жасалуы арқылы іске асырылады.

2.4 Университетке барлық шығармашылық мамандықтарға қабылдау кезінде Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелері бойынша екі пән назарға алынады: Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы (оқыту тілі).

2.5 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру және/немесе ақылы оқуға қабылдау конкурсына қатысу үшін ҰБТ-дан өткен, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар жіберіледі. ҰБТ және шығармашылық емтихандардан шекті балды жинауы қажет. Бұл ретте ҰБТ пәндері бойынша: Қазақстан тарихы бойынша кемінде бес балл, оқу сауаттылығы бойынша - кемінде үш балл; әрбір шығармашылық емтихан бойынша - кемінде бес балл жинау қажет.

2.6 2026-2027 оқу жылына талапкерді қабылдау үшін білім беру бағдарламалары бойынша шекті балдың көрсеткіші




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ
БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

7-нұсқа:
17.04.2026

4 бет

№	Білім беру бағдарламалары топтарының коды және атауы	Білім беру бағдарлама сының шифрі	Білім беру бағдарламасының атауы	Шекті балл
1.	B006 - Музыка мұғалімдерін даярлау	6B01402	Музыкалық орындаушылық және педагогика	75
2.	B022 - Музыкатану	6B02109	Музыкатану	75
3.	B023 Режиссура, арт-менеджмент	6B02106	Арт-менеджмент	100
4.		6B02088(1)	Креативтік менеджмент	100
5.	B024 - Өнертану	6B02124	Кинотану	75
6.		6B02125	Мұражайтану	75
7.		6B02128	Кинотеледраматургия	75
8.		6B02129	Театртану	75
9.		6B02162	Өнертану	75
10.	B025 - Дирижирлеу	6B02126	Оркестрлік дирижерлеу	75
11.		6B02127	Хорды дирижерлеу	75
12.	B026 - Композиция	6B02130	Композиция	75
13.	B027 - Театр өнері	6B02171	Драма театры және кино артисі	95
14.		6B02173	Музыкалық театрының артисі	95
15.		6B02176	Қуыршақ театры артисі	85
16.		6B02100	Инклюзивті театр әртісі	75
17.	B029 - Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс	6B02179	Дыбыс режиссурасы	75
18.	B030 - Бейнелеу өнері	6B02131	Кескіндеме - Станокты кескіндеме	75
19.		6B02132	Кескіндеме - Монументалды кескіндеме	75
20.		6B02133	Кескіндеме - Реставрация	75
21.		6B02134	Мүсін	75
22.	B031 - Сән, дизайн	6B02136	Өнеркәсіп дизайны	100
23.		6B02137	Интерьер дизайны	100
24.		6B02138	Арт-дизайн	100
25.		6B02139	Графикалық дизайн	100
26.	B099 - Аспаптық орындау	6B02192	Аспаптық орындаушылық - Фортепиано	75
27.		6B02193	Аспаптық орындаушылық - Ішектегі аспаптар-АВАК	75
28.		6B02194	Аспаптық орындаушылық - Ішектегі аспаптар - Скрипка	75
29.		6B02195	Аспаптық орындаушылық - Үрлемелі және соқпалы аспаптар	75
30.	B100 – Вокалдық өнері	6B02196	Вокалдық өнер	75
31.	B101 – Дәстүрлі музыкалық өнері	6B02197	Дәстүрлі жыр (Айтыс)	75
32.		6B02199	Дәстүрлі ән	75
33.		6B02145	Халық аспаптары (Домбыра)	75
34.		6B02146	Халық аспаптары (Қобыз және ОХА)	75
35.	B102 – Эстрада өнері	6B02147	Эстрада өнері - Эстрада	75


 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5 бет

			вокалісі	
36.		6B02148	Эстрада өнері - Эстрада оркестрінің артисі	75
37.		6B02149	Эстрада өнері - Эстрада композиторы, дыбыс өңдеуші	75
38.	B103 - Кино және теледидар режиссурасы	6B02150	Режиссура, кино және теледидар продюсерлігі	75
39.		6B02151	Көркем фильм режиссурасы	75
40.		6B02152	Телевидение режиссурасы	75
41.		6B02153	Деректі фильм режиссурасы	75
42.	B104 - Сахналық өнерлердің және цирк режиссурасы	6B02154	Драма театрының режиссурасы	95
43.		6B02120	Музыкалық театр режиссурасы	95
44.	B105 - Анимация режиссурасы	6B02156	Анимациялық фильм режиссурасы	90
45.	B106 - Операторлық және фото өнері	6B02157	Операторлық өнер	75
46.	B108 – Сценография	6B02158	Сценография -Театралды-декорациялық өнер	75
47.		6B02159	Сценография-Театр, кино және ТД костюмінің сценографиясы	75
48.		6B02160	Сценография - Театр техникасы және спектакльді көркемдеу	75
49.		6B02184	Сценография- Жарық техникасы	75
50.		6B02185	Сценография - Театр, кино және ТД гримінің сценографиясы	75
51.		6B02186	Сценография - Киім дизайны	75
52.		6B02187	Сценография - Кино және ТД суретшісі	75
53.		B109 – Сәндік өнері	6B02188	Сәндік өнер - Көркем тоқыма
54.	6B02189		Сәндік өнер - Металл және басқа материалдарды көркемдеп өңдеу	75

2.7 Қабылдау комиссиясы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу конкурсына қатысу үшін жеңілдіктері бар талапкерлердің құжаттарын қосымша қарайды.

2.8 Мемлекеттік тапсырыс бойынша жеңілдікке ие азаматтарды оқыту мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде жоғары білім беру бағдарламаларына қабылдау жеңілдіктердің мөлшеріне сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар қатарындағы азаматтар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;
- 2) басқа мемлекеттердің аумағындағы әскери іс – қимылдарға қатысушы

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6 бет

ардагерлер, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді атқару, әскери қызмет кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқықтық тәртіпті қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасы;

3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ауыл жастары қатарындағы азаматтарды (B006 «Музыка мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының топтары үшін);

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар;

5) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары;

б) төрт және одан да көп кәмелетке толмаған бала тәрбиеленетін отбасылардан шыққан балалар;

7) кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар жанұядағы балалар;

8) бала кезінен мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасынан шыққан балалар, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар балалар;

9) әскерге шақыру бойынша мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары үшін.


2.9 Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды (қандастардан басқа) бакалавриатқа қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалады.

2.10 Шығармашылық емтихандар аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасының аумағында заңды болғаны үшін жауапкершілік – тұруға ықтиярхаттың, визаның болуы, көші-қон қызметінде тіркеуде болуы Қазақстан Республикасының шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға міндеттеледі.

2.11 Университетке оқуға түсуші талапкер құжаттарды тек осы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына тапсырады.

2.12 Оқуға түсуші тек бір білім беру бағдарламасын көрсете алады.

2.13 Мәдениет және ақпарат саласындағы уәкілетті орган өнер саласы мамандарын даярлауға арналған нысаналы мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлген жағдайда, Университет пен М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті бірлесіп іске асыратын бірлескен білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – БББ) бойынша талапкер конкурсқа тек осы БББ шеңберінде ғана қатысуға құқылы. Мұндай талапкерлердің тиісті білім беру бағдарламалары топтары немесе ұқсас білім беру бағдарламалары бойынша білім беру

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7 бет

гранттарын тағайындауға арналған жалпы конкурсқа қатысуына жол берілмейді.

3 ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

3.1 Бакалавриатқа талапкерлерді қабылдауды және ұйымдастыруды Университеттің жоғары білім берудің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

3.2 Өзінің жұмысында қабылдау комиссиясы осы Ережені, Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасын, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (ҚР МАМ) және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҚР ҒЖБМ) бұйрықтарын, жарлықтарын және нұсқаулық хаттарын, Ұлттық бірыңғай тестілеу орталығының (ҰБТО) бағдарлық және нұсқаулық материалдарын басшылыққа алады.

3.3 Қабылдау комиссиясы Университет ректорының бұйрығымен құрылады және құрамы тақ санынан жасақталады.

3.4 Қабылдау комиссиясының құрамына кіреді:

- Университеттің ректоры;
- Университеттің проректоры;
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары;
- профессор-оқытушылар құрамының өкілдері;

3.5 Қабылдау комиссиясының негізгі міндеттері:


- кәсіби бағдарлау жұмысы;
- Университетке түсетін азаматтардың құжаттарын қабылдау, рәсімдеу және өңдеу;
- оқуға түсушілер үшін кеңес беруді ұйымдастыру;
- шығармашылық емтихандарды дайындау және өткізу;
- емтихан комиссияларының жұмысын бақылау;
- апелляциялық комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру;
- оқуға түсушілерді шығармашылық емтихандардың нәтижелерімен уақытылы таныстыру;
- оқуға түсушілер арасында конкурс өткізу;
- студенттер құрамына тіркеу туралы шешім қабылдау.

3.6 Университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы ректор болып табылады.

3.7 Жоғары білім беруде қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Университет қызметкерлерінің арасынан ректордың бұйрығымен тағайындалады.

3.8 Жауапты хатшы:

- Қабылдау комиссиясының жұмысына ағымдағы басшылықты іске асырады;
- Ғылыми кеңестің және қабылдау комиссиясының білім алушылардың контингентін қалыптастыру мәселелеріне арналған жиналыстарына

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8 бет

материалдарды дайындайды;

- Жастар арасында кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша кафедралар мен деканаттардың іс-шараларын үйлестіруді іске асырады;
- Кафедралардың емтихан тапсырмаларын, билеттерді, бағалау өлшемшарттарын құрастыру бойынша жұмысын үйлестіреді;
- Қабылдау кампаниясы кезеңінде ҚР МАМ, ҚР ҒЖБМ және ҰБТ құжаттарына сәйкес комиссияның техникалық мамандарының жұмысына басшылық етеді.

3.9 Комиссияның техникалық мамандары Университеттің білім беру бағдарламаларына оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, сондай-ақ, ақылы негізде оқуға түсетін талапкерлерден құжат қабылдауды іске асырады.

3.10 Қабылдау комиссиясының шешімімен және ректордың бұйрығымен Университеттің оқытушылары мен оқу-көмекші персоналынан тағайындалады:

- техникалық хатшылар;
- бағдарламашы;
- жауапты хатшының көмекшісі.

3.11 Жауапты хатшының көмекшісі қабылдау кампаниясы кезеңінде құжаттаманың нақты және уақытылы өңделуі үшін жеке жауапкершілікті көтереді, тестілеу орталығымен байланысты қолдайды, техникалық хатшыларды және бағдарламашыны қажетті кеңсе керек-жарағымен және құрал-жабдықпен қамтамасыз етеді, жауапты хатшының тапсырмаларын орындайды.

3.12 Қабылдау комиссиясы іріктеу комиссияларының құрамын және олардың жұмыс кестесін ұсынады, олар қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.


3.13 Талапкерлер шығармашылық емтихандарына қатысуға рұқсат алғаннан кейін шығармашылық мамандықтарына түсушілердің жеке ісін рәсімдеу ұйымдастырылады.

3.14 Талапкерді тыңдау, оның портфолиосын, ұсынған жұмыстарын қарау және таңдалған білім беру бағдарламасы (БББ) бойынша оқуға шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау арқылы талапкердің шығармашылық емтихандарға қатысуына рұқсат беруді іріктеу комиссиялары іске асырады. Іріктеу комиссиялары түлектерді шығаратын кафедралардың оқытушыларынан құрылады.

3.15 Қабылдау комиссиясы талапкерлерге кеңес беруді өткізетін оқытушылардың тізімін және олардың жұмыс кестесін ұсынады, олар қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

3.16 Қабылдау комиссиясы бекітеді және қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен тағайындалады:

- шығармашылық емтихандар бойынша емтихан комиссияларының төрағалары/төрайымдары және құрам мүшелері;
- шығармашылық емтихандар бойынша апелляциялық комиссиялардың

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	9 бет

төрағалары/төрайымдары және құрам мүшелері.

3.17 Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның құрамындағы тұлғалар кірмейді.

3.18 Қабылдау комиссиясының жұмысы Университеттің Ғылыми кеңесінде қабылдаудың қорытындылары туралы есеп берумен аяқталады.

4 ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ МЕН ШАРТТАРЫ

4.1 Талапкерлер екі шығармашылық емтихан тапсырады, оларға қойылатын талаптар университеттің ресми сайтында құжаттарды қабылдау басталғанға дейін, кемінде 1 ай бұрын ұсынылады.

4.2 Шығармашылық емтихандарға қатысу үшін өтініштер мен құжаттарды қабылдау мәдениет саласындағы уәкілетті орган бекіткен күндерге сәйкес жүргізіледі, олар Университеттің ресми сайтында өтініштерді қабылдау басталғанға дейін, кемінде 1 ай бұрын ұсынылады.

Талапкерлерден өтініштерді қабылдау жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылдың 20 маусымнан 6 шілдеге дейін; (мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде оқуға түсушілер үшін);
- 2) күнтізбелік жылдың 12-19 тамызы аралығында (ақылы негізде оқу үшін); бұл ретте ақылы негізде оқуға арналған орындар шілде айының қорытындысы бойынша толық қамтылған жағдайда, тамыз айында қабылдау жүргізілмейді.

Өтінішті қабылдау күндерін мәдениет саласындағы уәкілетті орган өзгертуі мүмкін. Барлық өзгерістер Университеттің ресми сайтында көрсетіледі.


4.3 Шығармашылық емтихандар уәкілетті орган бекіткен күндерге сәйкес өткізіледі және емтихандар басталғанға дейін, кемінде 1 ай бұрын Университеттің ресми сайтында ұсынылады.

Шығармашылық емтихандар өткізіледі:

- 1) күнтізбелік жылдың 7-15 шілдесі аралығында;
- 3) күнтізбелік жылдың 20-23 тамызы (ақылы негізде оқу үшін); бұл ретте ақылы негізде оқуға арналған орындар шілде айының қорытындысы бойынша толық қамтылған жағдайда, тамыз айында қабылдау жүргізілмейді.

Ақылы негізде оқуға арналған шекті балды жинаған талапкерлер саны бөлінген орындар санынан асып кеткен жағдайда, ресми сайтта көрсетілген <https://kaznui.edu.kz/about/undergraduate>, қабылдау комиссиясы резервтік тізімді қалыптастырады. Негізгі тізімге енген тұлғалар оқудан бас тартқан жағдайда, оқуға қабылдану құқығы резервтік тізімдегі ең жоғары балл жинаған талапкерге беріледі.

Шығармашылық емтихандардың күндерін мәдениет саласындағы уәкілетті орган өзгертуі мүмкін. Барлық өзгерістер Университеттің ресми сайтында көрсетіледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	10 бет

4.4 Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырып, төтенше жағдай енгізілгенде, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде электрондық құжаттарды қабылдау жүргізілуі мүмкін.

4.5 Білім беру бағдарламасы ақылы негізде оқуды жоспарлап отырған тұлғаларға құжат тапсыруға және түсу емтихандарына қатысуға, ағымдағы күнтізбелік жылдың шығармашылық емтиханын тапсырмаған талапкерлерге ғана рұқсат етіледі. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

4.6 Оқуға түсу үшін талапкер қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

– оқуға түсуге құжаттарды қабылдау туралы Университет ректорының атына еркін нысандағы өтінім;

– Алдыңғы білімі – жалпы орта, бастауыш кәсіптік (техникалық және кәсіптік), орта кәсіптік (ортадан кейінгі), жоғары кәсіптік (жоғары) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы және олардың қосымшалары. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар үшін, оны Қазақстан Республикасында танылу туралы құжат, ол болмаған кезде - білім туралы құжатты тиісті органдарға танылуға жіберу туралы ХҚКО-нан тіркеу парағы ұсынылады;

– Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

– 3x4 см өлшемді 6 фотосурет;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020

«Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген электронды форматтағы 075/у нысаны бойынша медициналық құжаттамасы;

– Кеуде қуысының флюорографиялық түсірілімі (түпнұсқасы мен көшірмесі);

– 065/у нысаны бойынша «Профилактикалық егулер картасы» (түпнұсқасы мен көшірмесі);

– Таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды (бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, сондай-ақ бала кезінен мүгедектігі бар адамдар үшін);


– электрондық үкімет порталынан алынған «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер

(https://egov.kz/cms/kk/services/health_care/2Fpassport);

– электрондық үкімет порталынан алынған «Психиатрия» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер

(https://egov.kz/cms/kk/services/health_care/2F161_mzsr);

– Әскерге шақыру жасындағы жасөспірімдерге арналған тіркеу куәлігінің көшірмесі немесе электрондық үкімет порталының egov.kz қосымшасынан

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	11 бет

скриншот немесе әскери билет (ұлдар үшін);

- Қабылданған жылғы ҰБТ сертификаты;
- Квота бойынша оқуға түсу мүмкіндігін және тең баллмен оқуға түсу кезінде талапкердің басым құқығын растайтын құжаттар (мүгедектігі туралы анықтамалар, екеуінің де немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмелері, дипломдар, конкурстар мен олимпиадаларға қатысу туралы грамоталар және т.б.).

4.7 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының күнтізбелік жылының түлектері білім туралы құжаттың орнына оқу мамандығының коды мен атауын көрсете отырып, өзі оқыған білім беру ұйымы беретін ағымдағы жылы оқуды аяқтау туралы анықтаманы ұсына алады.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттың түпнұсқасы шығармашылық емтихандар аяқталғанға дейін қабылдау комиссиясына түсушімен ұсынылуы тиіс.

4.8 Оқуға түскен жылы ҰБТ сертификаты болмаған жағдайда талапкердің құжаттары қабылданбайды

4.9 ҰБТ пәндері бойынша шекті балл жинамаған талапкер ақылы негізде әрі қарай оқу үшін, шығармашылық емтихандардан өтуге және құжаттарын тапсыруға құқылы. Осы Ереженің 2.5-тармағында көрсетілгендей, шекті балл жинаған талапкер Университетке ақылы негізде оқуға шартты түрде қабылданады, бұл ретте бірінші оқу жылы аяқталғанға дейін оған ҰБТ-ны қайта тапсыруға және сертификатты ауыстыруға мүмкіндік беріледі. Осы Ереженің 2.5-тармағының талаптарына сәйкес келетін ҰБТ сертификаты ұсынылмаған жағдайда білім алушы Университеттен шығарылады.


4.10 Қандастарды қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар ҰБТ сертификатын ұсынбайды. Оларды Университеттің білім алушыларының қатарына қабылдау тек шығармашылық емтихандардың нәтижелері негізінде ғана жүзеге асырылады.

4.11 Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

4.12 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында танылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру шетелдік ұйымдарының тізбесіне сәйкес тану рәсімінен өтеді.

4.13 Тұлға оқуға қабылданғаннан кейін бірінші оқу семестрі ішінде білім туралы құжаттары тану рәсімінен өтуі тиіс. Қазақстан Республикасы мойындаған шетелдік білім туралы құжат белгіленген мерзімде оқу орнына ұсынылмаған жағдайда, білім алушы Университеттен шығарылады.

4.14 Квота бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысымен оқуға арналған конкурсқа қатысу үшін жеңілдік алушы төмендегі құжаттарды ұсыну қажет

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	12 бет

(осы Ереженің 2.7-тармағы):

- жетімдер мен толық емес отбасылардан шыққан балаларға арналған құжат: екі немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмелері немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар (ата-ана құқықтарынан айыру, шектеу, хабар- ошарсыз кетті деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау, әрекетке қабілетсіз / әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы сот шешімі, ата-анасының ажырасқаны туралы куәлік);
- мүгедектер мен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балаларға арналған анықтамалар: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бақылау және Әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық органы берген мүгедектік туралы анықтамалар;
- көп балалы отбасылардан шыққан балаларға арналған жарлық: білім алушыларды қоса алғанда, отбасындағы барлық балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері (оқу орнынан анықтама болған жағдайда) және SOC-ID;
- қандастарға арналған құжат: шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты немесе шет мемлекеттің жеке куәлігі / паспорты, шет мемлекеттің жеке куәлігі / ата-анасының нотариалды куәландырылған аудармасы бар паспорты.

4.15 Құжаттарға арналған 1 дана қағаз байланыстырғыш, 10 дана түссіз файл, А5 өлшемді конверт қоса берілуі керек.

5 ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін қабылдау комиссиясы төрағасының шешімімен түсу емтихандарын өткізу кезеңіне дайындық бағыттары бойынша емтихан комиссиялары құрылады.


5.2 Емтихан комиссиясының құрамына:

5.2.1 профессор-оқытушылар құрамынан Университет өкілдері;

5.2.2 бейіні бойынша тиісті білімі бар және мәдениет саласындағы жергілікті уәкілетті орган (тәуелсіз бақылаушы ретінде) ұсынған тұлғалар;

5.2.3 Университет қызметінің бейіні бойынша тиісті білімі бар қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа ЖЖОББҰ өкілдері (тәуелсіз бақылаушы ретінде).

5.3 Емтихан комиссиясы тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссия төрағасы сайланады. Егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, комиссияның шешімі заңды болып саналады. Комиссияның шешімі емтиханға қатысқандар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	13 бет

5.4 Шығармашылық емтихандарды өткізу нысандары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына сәйкес анықталады.

5.5 Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламалары (әрбір шығармашылық емтиханға қойылатын талаптар, бағалау критерийлері) кафедра отырыстарында талқыланады және Университеттің Ғылыми кеңесімен бекітіледі.

5.6 Емтихан билеттерін, шығармашылық емтихандар бойынша тапсырмаларды түлектерді шығаратын кафедралар әзірлейді және кафедра отырыстарында бекітіледі.

5.7 Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарының кестесін (емтихан өткізу нысаны, өткізілетін күні, уақыты мен орны, кеңес беруді өткізу) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін Университеттің ресми сайтында орналастырылады.

5.8 Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалы беріледі және парақтарды ресімдеуге ұсынылатын тәртіп түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру тәртібі көрсетіледі.

5.9 Шығармашылық емтихандар бейне және/немесе аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.

5.10 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкер жеке басын куәландыратын құжатын және алынған құжаттар тізімінің қолхатын көрсеткен жағдайда ғана аудиторияға жіберіледі.


5.11 Шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5.12 Шығармашылық емтихандардың біреуі бойынша 5 балдан кем алған немесе емтиханға келмеген талапкерлер келесі шығармашылық емтиханға, сондай-ақ оқуға қабылдау конкурсына жіберілмейді.

5.13 Шығармашылық емтихандарды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

5.14 Қабылдау комиссиясы шығармашылық емтихан кезінде тыйым салынған заттарды (ақпараттық материалдар, электронды жазба кітапшалары, калькуляторлар, ұялы телефондар, планшеттер және басқа да электрондық құрылғыларды) пайдаланған талапкерлерге хаттама ресімдей отырып, емтихан нәтижелерін жою жөнінде шешім қабылдайды.

5.15 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосімен, комиссия хаттамасымен еркін нысанда ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына / оның орынбасарына беріледі. Комиссия хаттамасына комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық құрамы қол қояды.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	14 бет

5.16 Шығармашылық емтихандардың нәтижелерін қабылдау комиссиясы оларды өткізген күні жариялайды.

5.17 Талапкердің апелляциялық өтініші әрбір шығармашылық емтихан өткізілгеннен кейін келесі күні сағат 13.00 дейін апелляциялық комиссияға беріледі және сол күні тиісті апелляциялық комиссия қарайды.

5.18 Университет шығармашылық емтихандар аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде мәдениет саласындағы уәкілетті органға шығармашылық емтихандарды еркін нысанда ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

6 КОНКУРС ӨТКІЗУ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ


6.1 Мемлекеттік және нысаналы (бар болса) білім беру тапсырысы бойынша оқыту ұлттық бірыңғай тестілеу мен шығармашылық емтихандардың нәтижелеріне сәйкес конкурстық негізде жүргізіледі.

6.2 Конкурсқа ҚР «Білім туралы» Заңының 8-бабының 2-тармағына сәйкес бірінші рет жоғары білім алатын талапкерлер ғана қатысуға құқылы.

6.3 Конкурсты шығармашылық емтихандар аяқталғаннан кейін жоғары білім берудің Қабылдау комиссиясы өткізеді.

6.4 Білім беру гранттарын алуға конкурс өткізу, сондай-ақ жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларды қабылдау кезінде баллдар тең болған жағдайда келесі тәртіпте басым құқыққа ие болады:

- 1) «Алтын белгі» белгісімен марапатталған адамдар;
- 2) көрсетілген патриоттық және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен марапатталған адамдар;
- 3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар;
- 4) тізбеге мәдениет саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), соңғы үш жылдағы халықаралық және республикалық орындаушылар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары, сондай-ақ президенттік, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстары (бірінші, екінші, және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған, ағымдағы оқу жылының) таңдаған мамандығы олимпиада, конкурс пәніне сәйкес келген жағдайда;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	15 бет

5) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, басқа мемлекеттер аумағындағы әскери іс – қимылдарға қатысушы ардагерлер, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілгендер, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілмеген мүгедектігі бар балалар және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар адамдар.

6.5 Балл көрсеткіштері бірдей болған кезде жоғары білімнің білім беру гранттары аттестатта, куәлікте немесе дипломда жоғары орташа балдары бар адамдарға беріледі.

6.6 Балл көрсеткіштері бірдей, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның бірдей орташа балдары кезінде шығармашылық емтихандар бойынша жинаған балдары ескеріледі.


6.7 Конкурс Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарына, бірінші және екінші топтағы мүгедек адамдарға, басқа мемлекеттер аумағындағы әскери іс – қимылдарға қатысушы ардагерлер, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілгендер, бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға, жеңілдіктері бойынша мүгедектігі бар балаларға теңестірілгендер, медициналық қорытындыға сәйкес білім беру бағдарламаларының таңдалған тобы бойынша, төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалар тәрбиеленетін отбасылардың балалары, кемінде үш жыл осы мәртебесі бар толық емес отбасылардан шыққан балалар, бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың балалары, бірінші және екінші топтағы мүгедек адамдарды оқытуға қарсы көрсетілімдері жоқ көрсетілген санаттар арасында бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысының жалпы көлемінен бекітілген квоталар бойынша (осы Ереженің 2.7-тармағы).

6.8 Білім беру грантын алуға арналған конкурсқа қатысатын адамдар үшін көрсетілген қабылдау квоталары білім беру бағдарламаларының барлық мәлімделген топтарына қолданылады.

6.9 Конкурстың нәтижелері білім беру бағдарламаларының топтары бойынша бөлінісінде мәдениет саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

6.10 Конкурс нәтижелері мәдениет саласындағы уәкілетті орган растағаннан кейін университеттің ресми сайтында ұсынылады.

6.11 Шекті балл жинаған, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға өтпеген талапкерлер шығармашылық емтихандар тапсырған білім беру бағдарламасы бойынша ақылы негізде Университет бакалавриатында оқуға өтініш беруге құқылы. Өтініш жылдық оқу ақысының жартысын төлеу

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	16 бет

туралы түбіртек болған жағдайда ғана қабылданады. Қабылдау кезінде талапкерлермен жасалатын келісімшартқа сәйкес.

6.12 Университетке қабылдау туралы шартты жасасу (мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде немесе ақылы негізде) қабылдау туралы бұйрықты шығару үшін міндетті талап болып табылады. Талапкер конкурс қорытындылары жарияланғаннан кейін 3 (үш) күн ішінде шартқа қол қоюға міндетті. Талапкердің шартқа белгіленген мерзімде қол қоймауы оқуға қабылдаудан бас тарту ретінде танылады және Университетке қабылдану құқығының жоғалуына, сондай-ақ мемлекеттік білім беру грантының күшін жоюға негіз болады.

6.13 Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, талапкер құжаттардың қарауда болғаны туралы банктен тиісті анықтама бере алады. Бұл ретте оған білім беру қызметтерін көрсету шартында белгіленген және азамат оқуға қабылданғанға дейін төлеуге жататын соманы төлеу бойынша білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған сәттен бастап 4 (төрт) аптадан аспайтын мерзім беріледі.


6.14 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданбаған талапкердің өтініші бойынша қабылдау комиссиясы оған үміткердің таңдауы бойынша кез келген ЖОО-на ақылы негізде оқуға түсу үшін емтихан парақтарының және шығармашылық емтихан есептерінің түпнұсқасын береді. Ұсынылған құжаттардың көшірмелері Университеттің қабылдау комиссиясында қалады.

6.15 Университет басқа ЖОО-да шығармашылық емтихандарды тапсырған оқуға түсушілерді, егер олардың қабылдау емтихандарының нәтижелері Университет бакалавриатына қабылдау талаптарына сәйкес келсе, шығармашылық емтихандарды тапсыру орнына қарамастан, олардың емтихан парақтары мен ведомостары негізінде ақылы негізде оқуға қабылдайды.

6.16 Университет ректорының білім алушыларды мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде оқуға қабылдау туралы бұйрықтары күнтізбелік жылдың 25 тамызынан кешіктірілмей шығарылады.

6.17 Университет қабылдау аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде мәдениет саласындағы уәкілетті органға білім алушыларды Университетке қабылдау бойынша қорытынды есепті ұсынады.

6.18 Мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алатын Қазақстан Республикасының азаматтары «Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 бұйрығымен белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеуі туралы шарт жасасады, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарының өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беруі, оларды өтеу жөніндегі міндеттерінен босатуы» және «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	17 бет

оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 бұйрығы».

7 ҚЫСҚАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ

7.1 Білім алушының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі болса, жоғары кәсіптік білімді қысқа мерзімде ала алады.

7.2 Қысқартылған білім беру бағдарламалары (ҚБББ) бойынша жоғары кәсіптік білім алу күндізгі нысанда білім алушының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

7.3 ҚБББ бойынша жоғары кәсіптік білімді даярлық бейініне сәйкес келетін ұқсас мамандықтар бойынша жоғары кәсіптік білімі бар адамдар ала алады.

7.4 Жоғары кәсіптік білім ББ мазмұны (алған білімі, ілімдері, дағдылары мен құзыреттері бойынша сәйкес келетін) бойынша жақын білім беру бағдарламалары даярлау бейініне (бағытына) байланысты немесе тиісті болып саналады.

7.5 ҚБББ бойынша оқуға талапкердің құжаттарын осы мамандық бойынша мамандарды дайындайтын кафедраның ұсынысынан кейін ғана қабылдау комиссиясы жүзеге асырады. Рұқсатқа кафедра жетекшісі қол қояды.

7.6 Кафедра алдыңғы жоғары білімі туралы құжатты, транскриптті қарап, талапкерді тыңдайды және/немесе электронды және баспа түрінде талапкердің суреттер, фотосуреттер, аудио-бейне жазбалар және т.б. орындалған жұмыстары көрсетілген портфолио негізінде шығармашылық емтихандарға жіберу туралы шешім қабылдайды.

7.7 Талапкердің пәндік даярлығының мазмұны (өнер саласындағы мамандарды даярлау ерекшелігіне байланысты) таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкес келмеген жағдайда кафедра оған Университетке бірінші курстан бастап жалпы негіздерде толық оқу цикліне түсуді ұсынады.

7.8 ҚБББ бойынша ықтимал оқу мерзімін (3 жыл, 2 жыл) анықтауды құжаттарды қабылдау кезінде академиялық мәселелер жөніндегі қызмет жүргізеді.


7.9 Университеттің барлық БББ-на түсу үшін ҚБББ бойынша екі шығармашылық емтихан өткізіледі.

7.10 Шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

7.11 Шығармашылық емтихандардың біреуі бойынша 5 балдан кем алған немесе оған келмеген адамдар келесі шығармашылық емтиханға, сондай-ақ оқуға түсуге жіберілмейді.

7.12 Шығармашылық емтихандарды қайта тапсыруға жол берілмейді.

7.13 Оқу курсы оқу нәтижелерін тану комиссиясы оқуға қабылдау туралы бұйрық шығарылғанға дейін тамыз айының соңында анықтайды. Оқу курсы,

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 17.04.2026
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	18 бет

оқу бағытын анықтау кезінде бұрын орындалған білім беру бағдарламасының бейіні, білім алушыға тапсыруға болатын пәндер саны, кредиттер ескеріледі.

7.14 Жоғары кәсіптік білімі туралы құжаты бар және толық оқу бағдарламасы бойынша БББ-на түскен білім алушылар бейресми және ресми білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін тану қағидаларына сәйкес кредиттерді қайта есептеуге өтініш бере алады.

8 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және өзгеріс пен толықтыру енгізілгенге дейін әрекет етеді.

8.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

